

ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫ ҚОЛДАНЫП

Адам баласын білімге, еңбекке, кәсіпке үйрету және оның еңбегін өнімді, жемісті ету-адамзат қоғамы тарихымен бірге жасап келе жатқан тәрбие саласының бірден бір маңызды ісі.

Қазірде халық назарын аударып отырған басты мәселе – мектепке дейінгі мекемелерде оқу тәрбие жұмысының мазмұнын, міндеттерін жаңарту, ұлттық негізде қайта құру. Халық педагогикасы-халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі ғасырлар бойы сыннан өткен тиімді әдіс-тәсілі, шығармашылық тәжірибенің жиынтығы. Халық педагогикасындағы ғасырлар бойы қалыптасып келген осы ұлттық мұраны бала тәрбиесіне тиімді пайдаланып, табысқа жету қоғамдық тәрбие орны – балабақша мен ата-аналардың тығыз байланысы арқылы жүзеге асырылатын

тәрбиелік ықпалдың бірлігі мен үйлесіміне байланысты.

Халық педагогикасы бойынша баланың бойында имандылық, адамгершілік т.б. қасиеттердің қалыптасуына отбасының ықпалы зор.

Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиелеу, білім беру жұмыстарын кешенді түрде халықтық педагогикаға сәйкес үйлесімді ұйымдастыру, баланың ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту, математикалық қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, бей-



нелеу, ән-күй, әдебиет өнеріне қызығушылығын баулу, олардың денсаулығын нығайтып, дене түзілісінің дұрыс жетілуіне баса назар аударып, өмірдегі, табиғаттағы әсемдік атаулыны сезіне, қабылдай білуге үйрету. Ұлттық дәстүрлерге негізделген оқу-әдістемелік кешенін жасау.

Тәлім-тәрбиені ізгілендіру, демократиялық бағытта жүргізуді ескере отырып, баланың еркімен санасу, оның талап-тілегіне назар аударып, бағыт беріп отыру, дербес әрекетін дамыту, денсаулығын сақтау, шынықтыру, жеке тұлғаны қалыптастыру, балабақшадағы күн тәртібін бұлжытпай орындау, баланың мұқтаждығын өтеу сияқты мәселелер бағдарлама мазмұнында



толық қамтылғандықтан оны жеке тақырып ретінде ұсыну қажетсіз деп табылды. Себебі бұл бағдарламаны іске асыру кезіндегі тақырыптарда әрі қарай нақтылана түседі.

Қазақ халқында «баланы ойын өсіреді» – деген даналық сөз бар. Бала ойнап жүріп ойланады, жүйкесі шынығады, көңілі өсіп, ойы сергиді, денесі шымырланады.

Ойын арқылы тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, ұлттық ерекшелік, дәстүр жайлы танымы, түйсігі қалыптасады. Заман өзгерген сайын адам баласының басынан өткендері балалардың ойынында көрініс табады. Ең бастысы, ойын барысында жан-жақты ойлануға, тез арада шешім қабылдауға тура келетіндіктен, ойын-бала тәрбиесіндегі ерекше құбылыс.

Ата-ана мен балабақша арасындағы халықтық педагогика тақырыбында жүргізілген жұмыстар сан-салалы міндетті жүзеге асыруға бағытталуы тиіс. Тәрбиешілер балабақшада балаға отбасымен тығыз байланысты тәрбиелік ықпал жасауда бірлік пен өзара ынтымақ орнатуға ұмтыла отырып, ата-аналарға педагогикалық білім мен нақтылы көмек көрсетіп отыру ұтымды. Бұл жұмыстар біздің бөбекжайда көптеген іс-шаралар арқылы өтеді. «Ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі маңызы» қалалық семинарында балалармен



ұлттық ойындар ойналып, көрме ұйымдастырылды, кітапша буклеттер жасақталды. Қазақ халқының ұлттық ойындары әркез серуенде балалармен ойналады.

Халқымыздың ұлттық ойындарын ойнатып, көрнекіліктерін жасап, оның мақсат міндеттерін жазып, күнделікті өмірде іске асырылуына баса назар аударған өте тиімді.

Балабақшадағы жүргізілген осындай тәрбие жұмыстарының әрбір түрлеріне ата-аналарды шақырып тұрса, балалармен бірлесіп отырып сабақтарына қатысып тұруды дағдыға

айналдырып тұрса құба-құп. Мұндай жұмыстар Наурыз мерекесін тойлауда ата-аналарды, әсіресе әжелердің қатысуымен өткізілсе балалардың қуанышында шек жоқ.

Жас ұрпақ өз халқының тарихын, салт-дәстүрін бойына сіңіріп өсуге тәрбиеленуі тиіс. Ол үшін тәрбие ісімен айналысушылар елдің бай мұрасына, халық педагогикасына сүйенгеніміз жөн. Бала тәрбиесі баршаға ортақ. Отбасы, балабақша, мектеп, қоғамдық ұйымдар бірлесіп отырып, жас жеткіншектерді жақсы өнегеге баулуда халық тәрбиесінің ел ішінде кең тараған дәстүрлерін терең зерттеп, бүгінгі күн мүддесіне сай орынды пайдалана білсек, көздеген мақсатқа жетуге мүмкіндік туары сөзсіз.

Гүлнара ШЫНҒАЛИЕВА,
Ақтау қаласы
№ 26 «Қарлығаш» бөбекжайы
директоры



АННОТАЦИЯ

В статье директор ясли-сада № 26 «Карлыгаш» г. Актау Гульнара Шингалиева особое внимание уделяет народной педагогике и ее роли в воспитании детей. Автор делится опытом организации воспитательной и учебной работы во взаимодействии с народной педагогикой.